

«Қарағанды облысының экономика
басқармасы» мемлекеттік мекемесі

бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ:

« 10 » 10 2018 ж.
№ 36



"Қарағанды қаласы Әділет басқармасы" ММ
2018 ж. «17» 05
З А Н Д Ы Т Ұ Л Ғ А Ғ А
мемлекеттік қайта тіркеу жүргізілді
№ 2403-1930-01-КМН куәлік
БСН 99014000592
Алғашқы тіркелген күні 2010 ж. «10.03»

"Қарағанды қаласы Әділет басқармасы" ММ
2018 ж. «17» 10
Ө З Г Е Р Т У Л Е Р М Е Н
Т О Л Ы Қ Т Ы Р У Л А Р Е Н Г І З І Л Д І
Бұйрық № 3-4/2898-01

ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАРСЫЗ
Ж А Р А М С Ы З

Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасының
«Облыстық кардиохирургия орталығы» коммуналдық
мемлекеттік кәсіпорыны
ЖАРҒЫСЫ

"Қарағанды қаласы Әділет басқармасы" ММ
2018 ж. «26» 11
З А Н Д Ы Т Ұ Л Ғ А Ғ А
мемлекеттік қайта тіркеу жүргізілді
№ 2403-1930-01-КМН куәлік
БСН 99014000592
Алғашқы тіркелген күні 2010 ж. «10.03»

Қарағанды қаласы

1. Жалпы ережелер

1. Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық кардиохирургия орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны (әрі қарай Кәсіпорын) ұйымдастыру-құқықтық нысандағы заңды тұлға шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын болып табылады.

2. Кәсіпорын – Қарағанды облысы әкімдігінің 2018 жылғы 31 шілдедегі «Медицина ұйымдарының кейбір сұрақтары туралы» №39/02 қаулысына сәйкес құрылды.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы Қарағанды облысының әкімдігі болып табылады.

4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік коммуналдық меншік құқығын Қарағанды облысының әкімдігі жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып табылады.

6. Кәсіпорынның толық атауы: Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық кардиохирургия орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны.

7. Кәсіпорынның орналасқан жері – Қазақстан Республикасы, Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы ауданы, Крылов көшесі, 23 үй.

2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

8. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады.

9. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес тенгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

3. Кәсіпорынның қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорынның негізгі жұмысы мен қызметінің бағыты денсаулық сақтау саласындағы өндірістік-шаруашылықты жүзеге асыру мәні болып табылады.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты тұрғындарға, Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектері, соғыс жылдарындағы тыл еңбеккері, әскери-интернационалистер, қайтыс болған әскери қызметтердің отбасы мүшелері, жаппай саяси қуғын-сүргінің ақталған құрбандары, Семей ядролық сынақ полигонының сәуле шығаруының әсерінен ұшыраған тұлғалары, Чернобыль атом электростанциясы апатының әсерін жоюына қатысқан тұлғалар, Ленинград блокаданың тұрғындары, концлагерлер жекпелері, ҰОС қаза тапқан қатысушылардың жесірлері үшін медициналық көмек көрсету болып табылады.

14. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) медициналық қызмет:

- кеңес-диагностикалық медициналық көмек, стационарлық медициналық көмек, стационар алмастыратын медициналық көмек; ересектер және балаларға-мамандықтар бойынша:

- певропатология;
- емдік дене шынықтыру;
- эндокринология;
- кардиология;
- кардиохирургия;
- ангиохирургия;
- микрохирургия;
- офтальмология;
- акушерлік және гинекология; педиатрия;
- жалпы терапия: ревматология, гастроэнтерология, нефрология, пульмонология, аллергология (иммунология), гематология, отбасылық дәрігер, инфекциялық аурулар, фтизиатрия;
- хирургия: жалпы, жақ-сүйек, оториноларингология, урология;
- дерматовенерология (дерматокосметология);
- психиатрия: жалпы, психотерапия, медициналық психология;
- онкология;
- дәстүрлі медицина: гомеопатия, гирудотерапия, мануалды терапия, рефлексотерапия;
- медициналық реабилитология;
- анестезиология және реанимация;
- массаж;
- денсаулық сақтау саласы бойынша лицензияда және нормативтік құқықтық актілерде қарастырылған әртүрлі үлгідегі медициналық көмек көрсету: алғашқы медико-санитарлық көмек, дәрігерге дейінгі көмек, білікті медициналық көмек, арнайы медициналық көмек, мамандандырылған медициналық көмек, жоғарғы деңгейдегі мамандандырылған медициналық көмек, медициналық-әлеуметтік көмек, зертханалық диагностикалау, ультрадыбыстық диагностика, функционалдық диагностика;
- алғашқы медико-санитарлық көмек: дәрігерге дейінгі көмек;

- қоғамдық денсаулық сақтау саласы бойынша: аурудың алдын алу, салауатты өмір салтын қалыптастыру, медициналық тексерулер жүргізу, басқа да медициналық қызмет түрлерін көрсету;

- денсаулық сақтау саласы бойынша сараптау: уақытша еңбекке жарамсыздыққа жүргізіледі;

- денсаулық сақтау саласы бойынша ғылыми жұмыстар;

2) мемлекеттік лицензияға сәйкес фармацевтикалық қызмет;

3) есірткі құралдары мен психотроптық заттар және прекурсорларды алу, сақтау, пайдалану, жоюға байланысты қызмет түрлері;

4) иондаушы сәуле тарату көздерін қолдану;

5) келісім-шарт бойынша медициналық қызмет ұсыну;

6) ақпараттық-кеңес беру үлгісіндегі кәсіби курстар, лекциялар, семинар, тренинг, конференция және басқа да бағыттағы шараларды ұйымдастыру, соның ішінде;

дәрігерлерге, орта және кіші медициналық құрамға кәсіби курстар өткізу;

денсаулық сақтау саласы ұйымдарының өндірістік-шаруашылық қызметі бойынша кешенді талдау (аудит) жүргізу.

7) барлық негізгі бағыт бойынша шетелдік ұйымдармен тікелей келісім және келісім-шарт жасап, ғалымдар мен мамандардан уақытша ұжым ұйымдастыру арқылы халықаралық бірлестіктер мен ұйымдардың ғылыми жұмыстарына қатысу;

8) мемлекет лицензиялайтын қызмет түрін осы лицензия болған жағдайда Кәсіпорын өзі жүзеге асырады.

Жоғарыдағы қызмет түрлерін көрсету үшін мемлекеттік кәсіпорын директорымен бекіткен құрылым бойынша емдеу базасына ие болады.

9) Ақылы қызмет бөлімі құрылымының қызметтері:

9.1) Диагностикалық қызмет мына көлемде көрсетіледі:

- Рентгенологиялық зерттеулер;

- Функционалдық диагностика және ультрадыбыстық зерттеу;

- Клиникалық-биохимиялық зертхана.

9.2) Физио-емдеу кабинетінің қызметтері

9.3) Әкімшілік қызметтері: сырқаттама эпикризінің көшірмесін беру, анықтамалар беру, мұрағаттан сырқаттама іздеу, коронография нәтижесімен СД дискісін іздеу, зерттеу көшірмелерін беру (УДЗ, ЦДК және т.б.), денсаулық сақтаудың негізгі көрсеткіштері бойынша ақпарат беру.

9.4) кардиохирургиялық орталықта жүргізілетін операциялар:

9.5) келесі дәрігер-мамандар консультативтік көмек көрсетеді:

- балалар кардиохирургі;

- ересектер кардиохирургі;

- ангиохирург;

- кардиолог;

- реаниматолог;

- анестезиолог;

- аритмолог;
- уролог;
- терапевт;
- ревматолог;
- гастроэнтеролог;
- нефролог;
- пульманолог;
- аллерголог (иммунолог) ;
- гематолог;
- отбасылық дәрігер;
- хирург;
- оториноларинголог;
- дерматовенеролог (дерматокосметолог) ;
- психиатр;
- онколог;
- гомеопат.

Сондай-ақ кардиохирургия орталығының докторлары, медицина ғылымының кандидаттарының, бөлімше меңгерушілерінің, жетекші мамандарының қатысуымен дәрігерлік консилиумдер жүзеге асырылады.

9.6) Емдеу қызметтері:

- ақылы медициналық қызмет көрсететін бөлімшелер жүрек-тамырлық жүйелердің ауруларын емдеу бойынша білікті, мамандандырылған, жоғары мамандандырылған, көмек көрсетеді.

Көзделген мақсатқа қол жеткізу үшін мемлекеттік кәсіпорын мына қызмет түрлерін көрсетеді;

- кардиохирургиялық сырқаттарын емдеудің жаңа тәсілдерін енгізу және жетілдіру;

- кардиологиялық және кардиохирургиялық сырқаттарға көмек беру барысында аудандық дәрігер-кардиологтардың жұмыстарын үйлестіру, науқастардың еңбекке жарамсыздық парақтарына талдау жүргізу;

- әдістемелік-ұйымдастыру жұмысын қамтамасыз ету, жүрек-қан тамырлық дертінің таралуына жедел бақылау қою және талдау;

- аудандық кардиологтардың берген есептерін жинақтап және талдап облыс тұрғындарының көрсеткішін анықтау;

- жүрек-қан тамырлық жүйесінің ауруларын алдын-алу бойынша соның ішінде кардиология және кардиохирургия мәселелері бойынша оқытуды, оларды ұйымдастыру жөніндегі акпараттар түрін жүзеге асыру;

- жаңа технологиялар, жаңа емдеу тәсілдерін енгізу жағынан профильдік ғылыми ұйымдармен, соның ішінде халықаралық ғылыми және ғылыми-тәжірибелік ұйымдармен байланыс ұйымдастыру.

15. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

16. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің немесе Қарағанды облысы әкімдігінің не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

17. Кәсіпорын басшысының заңды тұлғаның жарғыдан тыс қызметті жүзеге асыруға бағытталған іс-қимылдары еңбек міндеттерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауаптылық шараларын қолдануға әкеп соғады.

4. Кәсіпорынды басқару

18. Қарағанды облысының әкімдігі:

1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге беру туралы шешімдер қабылдайды.

«Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесі:

1) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгертулер мен толықтырулар енгізеді.

2) Коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітеді.

3) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

4) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға, өтеусіз және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

«Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі:

1) Кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметінің басым бағыттарын және міндетті жұмыс (қызметтер) көлемін анықтайды;

2) Кәсіпорынның даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

4) Кәсіпорын мүлкін пайдалануды және оның сақталуын бақылауды қамтамасыз етеді;

5) Кәсіпорын мүлкінің есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

6) Мемлекеттік кәсіпорынның таза кірістің белгіленген бөлігін бюджетке толық және уақытылы аударылуына бақылау жасайды;

7) Осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Кәсіпорынның басшысы оның органы болып, сондай-ақ Жарғының 5-бөлімінде көзделген жағдайларда бақылау кеңесі болып табылады.

20. Басшыны тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

21. «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі кәсіпорынның басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

Еңбек шартында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен белгіленген жағдайлардан басқа, бюджетке таза табыстың белгіленген бөлігі уақытылы аударылмағаны үшін Кәсіпорын басшысының жауапкершілігі айқындалады.

22. Кәсіпорынның басшысы Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметіне және мүлкінің сақталуына дербес жауапты болады.

23. Кәсіпорынның басшысы Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекетті ұйымдастыруға дербес жауапты болады.

24. Басшы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

25. Басшы:

1) кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады.

«Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшының ұсынымы бойынша қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Кәсіпорын қызметкерлерінің номенклатурасы оның Жарғысында белгіленеді.

8) белгіленген еңбекақы төлеу қоры шегінде еңбекақы төлеу нысанын, штаттық кестені, лауазымдық айлықақылардың мөлшерлерін, Кәсіпорынның қызметкерлеріне (өзінің орынбасарлары мен бас бухгалтерді қоспағанда) сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін бекітеді;

9) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесіне кандидатуралар ұсынады;

10) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

11) «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің келісімі бойынша Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктерінің директорларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

12) Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелерді бекітеді.

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5. Байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорынды басқарудың ерекшеліктері

26. Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорындар «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі ұсынысы бойынша Кәсіпорын органы - байқау кеңесі құрылуы мүмкін.

Денсаулық сақтау салаларында байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорынды құру, сондай-ақ денсаулық сақтау салаларында қолданыстағы шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорындарына байқау кеңесін енгізу Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе Қарағанды облысы әкімдігінің шешімі негізінде жүзеге асырылады.

27. Байқау кеңесі құрылатын шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорындарға қойылатын өлшемдерді Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

28. Байқау кеңесін құру тәртібін, байқау кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптарды, сондай-ақ байқау кеңесінің мүшелерін конкурстық іріктеу және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

29. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі мүшелерінің саны тақ сан болуға әрі бір-бірімен және шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның басшысымен жақын туыстық және жекжаттық қатынастарда болмайтын кемінде бес адамнан құралуға тиіс. Байқау кеңесінің мүшелері шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын қызметкерлерінің штатына кірмейді.

30. Байқау кеңесінің төрағасы байқау кеңесі мүшелері арасынан байқау кеңесі мүшелерінің көпшілік даусымен сайланады.

Байқау кеңесінің құрамына тиісті саладағы Қарағанды облысының әкімдігі, «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі өкілдері, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын басшысы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен

бекітілген шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындағы байқау кеңесінің мүшелерін конкурстық іріктеу қағидасына сәйкес конкурстық тәртіппен сайланатын өзге де тұлғалар кіреді.

Кәсіпорының басшысы байқау кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

Кәсіпорының байқау кеңесінің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайды.

Байқау кеңесінің хатшысы Кәсіпорының қызметкері болып табылады және байқау кеңесінің мүшесі болып табылады. Байқау кеңесінің хатшысы байқау кеңесіне есен береді, оның отырыстарын дайындау мен өткізуді, отырысқа материалдар рәсімдеуді қамтамасыз етеді және байқау кеңесі мүшелерінің отырыстар материалдарына қолжетімді болуын қамтамасыз етілуіне бақылау жүргізеді.

Байқау кеңесі хатшысының құзыреті мен қызметі Кәсіпорының ішкі құжаттарына сәйкес айқындалады.

31. Байқау кеңесінің мүшелері өздерінің іс-әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) кәсіпорының залалға ұшырауына әкеп соқтырған зиян үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кәсіпорын мен «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі алдында жауаптылықта болады.

Байқау кеңесінің мүшелері, егер байқау кеңесі қабылдаған, кәсіпорынның залалға ұшырауына әкеп соқтырған шешімге қарсы дауыс берсе немесе дауыс беруге қатыспаса, жауапкершіліктен босатылады.

32. Байқау кеңесінің мүшелерінің қызметін бағалау және байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу лимитін айқындау тәртібін Қазақстан Республикасы Үкіметі айқындайды.

33. Байқау кеңесінің өкілеттігі, отырыстарын өткізу тәртібі:

1) «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі кәсіпорынның даму жоспарының жобасы бойынша, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша қорытынды береді;

2) Даму жоспарының орындалуы туралы есептің жобасын келіседі, кәсіпорынның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекітеді;

3) Демеушілік, қайырымдылық көмектер мен қосымша көздерден алынған қаражатты, оның ішінде кәсіпорынның иелігінде қалған таза табыстың бір бөлігін бөлу туралы шешім қабылдайды;

4) Бюджет қаражаты мен қосымша көздерден алынған қаражаттың нысаналы пайдалануын бақылау үшін кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттамасымен кедергісіз танысады және көрсетілген қаражаттың нысаналы пайдалануын тексеруді жүзеге асыру үшін «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі ұсыныстар енгізеді;

5) Кәсіпорынның басшысын тағайындау және онымен еңбек шартын бұзу мәселелері бойынша «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі ұсыныстарын келіседі;

6) Ұжымдық шартты әзірлеуге қатысады және қосымша қаржы көздеріне, даму жоспарында бекітілген қаражат шегінде кәсіпорын қызметкерлерінің, басшысының, оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің лауазымдық жалақыларына үстемақы белгілеу, сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету бөлігінде шешімдер қабылдайды;

7) Байқау кеңесінің хатшысын тағайындайды, оның өкілеттік мерзімін және жалақысының мөлшерін айқындайды, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады;

8) «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі кәсіпорынның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;

9) Кәсіпорын қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстар тұжырымдайды;

10) «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі кәсіпорынның басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы ұсыныстар енгізеді;

11) «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі кәсіпорынның филиалдарын, өкілдерін құру және жабу туралы ұсыныстар енгізеді.

Кәсіпорынның байқау кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша кәсіпорынның құрымдылық бөлімшелері байқау кеңесінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпарат беруге міндетті.

34. Кәсіпорынның байқау кеңесінің отырыстарын өткізу тәртібі:

1) Кәсіпорынның байқау кеңесінің отырыстары қажет болуына қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізеді;

2) Шаруашылық құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысын оның төрағасы өз бастамасы бойынша, «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі байқау кеңесі мүшесінің және кәсіпорын басшысының талап етуі бойынша шақыруы мүмкін;

3) Байқау кеңесі туралы ережені, кәсіпорынның байқау кеңесінің отырыстарын шақыру және өткізу тәртібін «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі бекітеді;

4) Кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысы, егер Кәсіпорынның байқау кеңесінің барлық мүшелері оның өтетін уақыты мен орны туралы хабардар етілсе және отырысқа кәсіпорынның байқау кеңесі мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, заңды болып табылады. Кәсіпорынның байқау кеңесі мүшесінің өз дауысын байқау кеңесінің басқа мүшесіне немесе өзге жеке тұлғаға (сенімхат бойынша) беруіне жол берілмейді;

5) Кәсіпорынның байқау кеңесінің әрбір мүшесі дауыс беру кезінде бір дауысқа ие болады. Дауыстар тең болған жағдайда кәсіпорынның байқау кеңесі төрағасының дауысы шешуші дауыс болып табылады;

6) Байқау кеңесінің шешімдері жазбаша нысанда ресімделеді және оларға байқау кеңесінің барлық мүшелері қол қояды.

35. Кәсіпорын байқау кеңесімен бірге жылдық қаржылық есеп беру аудитін жүргізуге міндетті. Кәсіпорын аудиті байқау кеңесінің, басшының, «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі бастамасы бойынша Кәсіпорын қаражаты есебінен жүргізілуі мүмкін.

36. Байқау кеңесінің мүшесі шешім қабылдаған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алуға тиіс.

37. Байқау кеңесінің мүшелеріне шешімдер қабылдаған кезде, өзінің жеке мүддесін көздеуіне, сондай-ақ кәсіпорынның коммерциялық мүмкіндіктерін жеке мақсатында пайдалануына тыйым салынады.

6. Кәсіпорынның мүлкі

38. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

39. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

40. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктің;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады;

41. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

42. Шаруашылық жүргізу құқығын алу және тоқтату, егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

43. Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

44. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

45. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

46. Кәсіпорынның мүлкіне шаруашылық жүргізу құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және

меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ осы Жарғының 47, 48-тармақтарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

47. Осы Жарғының 46-тармағында көзделген шаруашылық жүргізу құқығын тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа, шаруашылық жүргізу құқығы Кәсіпорыннан мүлікті меншік иесінің шешімі бойынша заңды түрде алынып қойылған жағдайда тоқтатылады.

Заңды түрде алып қою жағдайларына, атап айтқанда, мыналар:

- шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорынның жарғылық қызметінің мақсаттарына жауап бермейтін мүлікті алып қою;
- артық, пайдаланылмайтын не мақсатқа сай емес пайдаланылатын мүлікті алып қою жатқызылады.

48. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімінде «Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесі Кәсіпорынға оны өзге тұлғаға бергенге дейін ұстауын және сақталуын қамтамасыз етудің мерзімдерін белгілейді.

49. Кәсіпорын «Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесінің жазбаша келісімімен «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің ұсынымы бойынша мыналарға:

- 1) филиалдар, өкілдіктер құруға;
- 2) оған тиесілі акционерлік қоғамдардың акцияларына, сондай-ақ дебиторлық берешегіне билік етуге;
- 3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік немесе кепілдік беруге;
- 4) қарыздар беруге құқылы.

50. Кәсіпорын оған шаруашылық жүргізу құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

51. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі немесе «Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесімен өзгеше белгіленбесе, осы Жарғының 49 және 50-тармақтарында көрсетілген мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны Кәсіпорын дербес пайдаланады.

7. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

52. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

Кәсіпорынның даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

53. Кәсіпорынның таза табысының белгілі бір бөлігін аудару нормативін Қарағанды облысының әкімдігі бекітеді және келесі үлгіде айқындалады:

1) Таза табыс 3 000 000 теңгеге дейін кезінде аудару таза табыс сомасын 5 пайызды құрайды;

2) Таза табыс 3 000 001 теңгеден 50 000 000 теңгеге дейін кезінде аудару 150 000 теңге- 3 000 000 теңге мөлшердегі таза табыстан асқансмадан 10 пайызды құрайды;

3) Таза табыс 50 000 001 теңгеден 250 000 000 теңгеге дейін кезінде аудару 4 850 000 теңге+ 50 000 000 теңге мөлшердегі таза табыстан асқан сомадан 15 пайызды ;

4) Таза табыс 250 000 000 теңгеден 500 000 000 теңгеге дейін кезінде аудару 34 850 000 теңге+ 250 000 000 теңге мөлшердегі таза табыстан асқан сомадан 25 пайызды құрайды;

5) Таза табыс 500 000 001 теңгеден 1000 000 000 теңгеге дейін кезінде аудару 97 350 000 теңге+ 500 000 000 теңге мөлшердегі таза табыстан асқан 30 пайызды құрайды;

Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігі Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексіне сәйкес белгіленген норматив бойынша тиісті бюджет қорына аударылады.

Кәсіпорын тиісті бюджетке таза табысының бір бөлігін корпоративті табыс салығы декларациясын тапсыру мерзімі белгіленгеннен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей аударуға тиіс.

54. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді дербес жүзеге асырады.

55. Кәсіпорын өндіретін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары Кәсіпорынның оларды өндіруге жұмсаған шығындарын толық өтеуді, оның қызметінің залалсыздығын және өз табыстары есебінен қаржыландырылуын қамтамасыз етуге тиіс.

Бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) көлемі шеңберінде өндірілетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің келісімі бойынша Кәсіпорын белгілейді.

Кәсіпорын өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесімен келісім бойынша Кәсіпорын (шаруашылық жүргізу құқығындағы) белгілейді.

56. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның Жарғысында көзделмеген қызметті жүзеге асырудан осы кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

8. Кәсіпорынның жарғылық қоры

57. Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері 1 221 312 872 (Бір миллиард екі жүз жиырма бір миллион үш жүз он екі мың сегіз жүз жетпіс екі теңгені құрайды.

Жарғылық капиталды меншік иесі (құрылтайшы) Кәсіпорынның мемлекеттік тіркелуі кезіне толық қалыптастыруы тиіс.

9. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

58. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің келісімі бойынша халықаралық сәйкес Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

59. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік есептілікті, табыстар мен шығындар туралы есепті, акша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

10. Кәсіпорынның жауапкершілігі

60. Шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді.

11. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

61. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

62. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

12. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

63. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі белгілейді.

64. Еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін

белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын дербес айқындайды.

65. Кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі белгілейді.

13. Мемлекеттік кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

66. Мемлекеттік кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Қарағанды облысының әкімдігінің шешімі бойынша жүргізіледі.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

67. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және таратуды «Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесімен келісім бойынша «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

68. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін «Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесі қайта бөледі.

Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

14. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

69. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің ұсынымы бойынша «Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесі бұйрығымен енгізеді.

Қарағанды облысының
денсаулық сақтау басқармасының
«Облыстық кардиохирургия орталығы» КМК
басшысы




(қолы)

Мағзумов А.Ғ.

УТВЕРЖДЕН
Приказом
государственного учреждения
«Управление экономики
Карагандинской области»
« 10 » 10 2018 г.
№ 36



УСТАВ
Коммунального государственного предприятия
«Областной кардиохирургический центр»
управления здравоохранения
Карагандинской области

г. Караганда

1. Общие положения

1. Коммунальное государственное предприятие «Областной кардиохирургический центр» управления здравоохранения Карагандинской области (далее - Предприятие) является юридическим лицом в организационно - правовой форме государственного предприятия на праве хозяйственного ведения.
2. Предприятие создано в соответствии с постановлением акимата Карагандинской области от 31 июля 2018 года №39/02 «О некоторых вопросах медицинских организаций».
3. Учредителем Предприятия является акимат Карагандинской области.
4. Права субъекта права государственной коммунальной собственности в отношении имущества Предприятия осуществляет акимат Карагандинской области.
5. Органом, осуществляющим управление Предприятием является ГУ «Управление здравоохранения Карагандинской области».
6. Полное наименование Предприятия: Коммунальное государственное предприятие «Областной кардиохирургический центр» управления здравоохранения Карагандинской области.
7. Место нахождения Предприятия: Республика Казахстан, г.Караганда, район им. Казыбек би, ул. Крылова, д.23.

2. Юридический статус Предприятия

8. Предприятие считается созданным и приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации.
9. Предприятие имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством, бланки, печать с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием Предприятия.
10. Предприятие может создавать филиалы и представительства в соответствии с законодательством Республики Казахстан.
